



OTANDASTAR
QORY

*Қандастар тарапынан жиі
қойылатын сұрақтар бойынша*
АНЫҚТАМА



**Қандастардың атынан жиі қойылатын сұрақтар бойынша
АНЫҚТАМА**

№	Сұрақтың мазмұны	Жауап
1.	Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу	<p>Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін бірінші рет жеке сәйкестендіру нөмірі тіркеу куәлігін, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін беру кезінде, этникалық қазақтар үшін қандас мәртебесін беру кезінде қалыптастырылады.</p> <p>Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру олар Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде және тіркеу органдарына тек жеке өзі жүгінген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басын сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады.</p> <p><i>Дереккөз: «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 223 Заңы.</i></p> <p><i>«Жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 521 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32942 болып тіркелді</i></p>
2.	Қандас мәртебесін алу	<p>Қандас мәртебесін алу үшін этникалық қазақтар «Құтты мекен» мобильдік қосымшасы немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері, Мемлекеттік корпорация арқылы не www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтінішпен қосып келесі құжаттырды тапсырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • еркін нысандағы өмірбаян; • өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен (туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе этникалық қазақтардың шыққан елдерінің арнайы органдарының басқа да ресми құжаттары);

		<ul style="list-style-type: none"> • жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлты жазылмаған жағдайда, өтініш берушінің ұлтын растайтын басқа да құжаттар белгіленеді. <p>Қандас мәртебесін беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 30 жұмыс күні ішінде.</p> <p>Қандас мәртебесінің мерзімі 1 жыл.</p> <p><i>Дереккөз: Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы.</i></p>
3.	Қандас мәртебін берудің тәртібі	<p>Қандас мәртебін беру жөніндегі өтінішті, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жанындағы арнайы құрылған комиссия қарастырады. Комиссия қандас мәртебесін беруден бас тарту немесе мынадай шарттарды ескере отырып қандас мәртебесін беру туралы ұсыным шығарады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген өңірлерге қоныстандыру үшін; 2) демографиялық дамуға қажеттілігі бар даму әлеуеті бар агломерация аумақтарында және ауылдық елді мекендерде, шағын және моноқалаларда, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда қоныстандыру үшін; 3) тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігімен Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын өтініш берушінің отбасымен және/немесе жақын туыстарымен қауышу үшін; 4) алдын ала еңбек шартын қоса бере отырып, тұрғын үй мәселелерін өз бетінше шешу мүмкіндігімен жұмыс берушілердің шақыруы бойынша бос жұмыс орнына жұмысқа орналасу үшін не этникалық қазақтар қатарындағы дара кәсіпкерлер; 5) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар оқу орнынан анықтаманы қоса бере отырып. <p><i>Дереккөз: Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы.</i></p>

4.	Қандас мәртебесінің мерзімін ұзарту (<i>өтініш кетуі</i>)	<p>Қандас мәртебесінің мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен алу мақсатында қандас мәртебесін ұзарту үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға не Мемлекеттік корпорацияға бұрын өзіне берілген қандас мәртебесін ұзарту туралы өтінішті береді.</p> <p><i>Дереккөз: Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы.</i></p>
5.	Қандастарға жеңілдіктер ұсынылатын	<p>1. Этностық қазақтар және олардың отбасы мүшелері, оның ішінде қандастардың жесірлері мен олардың ортақ балалары Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу кезінде өзінің төлем қабілеттілігін растаудан босатылады.</p> <p>2. Қандас мәртебесін алған адамдар мен олардың отбасы мүшелері:</p> <p>1) қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетумен;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмекпен;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда орындармен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көлемде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін оқу ұйымдарына оқуға түсуге бөлінген квотаға сәйкес білім алу мүмкіндігімен;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда әлеуметтік қорғалумен;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесумен қамтамасыз етіледі.</p> <p>3. Қандастарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ шаруашылығы, саяжай құрылысы үшін жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен беріледі.</p>

		<p>4. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұрғылықты жеріне жол жүру және мүлкін тасымалдау шығындарын өтеуді қамтитын біржолғы жәрдемақылар белгілеуі мүмкін. Жәрдемақыларды төлеудің тәртібі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде бекітеді.</p> <p>4-1. Қандас мәртебесін алған және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық шартына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады.</p> <p>4-2. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделетін мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.</p> <p>5. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне осы бапта көзделген мемлекеттік қолдау шараларынан басқа тұтыну кредитін және тұрғын үй құрылысына ипотекалық қарыз алу құқығы беріледі.</p> <p>5-1. Қандастар немесе оның отбасы мүшелері оларды қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізгеннен кейін қайтыс болған жағдайда, мемлекеттік қолдау шаралары қандастарға немесе отбасы мүшелеріне олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанына қарамастан ұсынылады.</p> <p><i>Дереккөз: Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.</i></p>
6.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығына жолдама алу	Қазіргі уақытта «Қандастарды бейімдеу және кіріктіру орталығы» мемлекеттік мекемелері Қарағанды, Шымкент қалаларында және Түркістан облысы Сайрам

		<p>ауданының Ақсукеңт ауылында жұмыс істейді және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.</p> <p>Өтініш иелерінің Орталықта тұруы «Қандас» мәртебесі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады, бірақ орналасқан күнінен бастап алты айдан көп емес.</p> <p>Сондай ақ, Павлодар облысында Қандастарды уақытша бейімдеу орталығы қызмет атқарады.</p> <p>Орталыққа жолдама алу үшін, «Қандас» мәртебесін алып, Жұмыспен қамту орталығына өтінішпен жүгінуі қажет. Жолдама алған кезде қандас және оның отбасы мүшелері Орталыққа күнтізбелік үш күн ішінде орналасады.</p> <p><i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 331-ө-м бұйрығына 1-қосымша»</i></p>
7.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығы ұсынатын қызметтер	<p>Орталықта уақытша негізде тұру үшін қандастар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері тегін орналастырылады. Орталықта қандастардың қоғамға тезірек бейімделуі мен ықпалдасуына бағытталған жағдайлар жасалады.</p> <p>Орталықта тегін тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне мынадай қызметтер көрсетіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ақпараттық және анықтамалық қызметтер ұсыну; 2) аударма бойынша қызмет көрсету; 3) жұмысқа орналастыруда, кәсіптік даярлауда, қайта даярлауда және біліктілікті арттыруда көмек; 4) Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі жөнінде, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу; 5) әртүрлі мәдени іс-шаралар өткізу; 6) құқықтық қызмет көрсету (тіркелуге, "Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініш беруге, азаматтық, әлеуметтік жәрдемақылар алуға кеңестер, консультациялар беру және көмек көрсету);;

		<p>7) Қазақстан азаматтығын алу және құжаттандыру мәселелеріне жәрдемдесу; 8) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін; 9) қазақ және орыс тілдерін оқыту; 10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға жәрдемдесу.</p> <p>Орталыққа орналастыру және ол жерде қандастарды ұстау Қазақстан Республикасының медициналық қамсыздандыру, санитарлық саулық, сәулеттік реттеу, құрылыс саласы, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық салаларының талаптарына сай болуы тиіс.</p> <p>Орталық қандастарды оқыту үшін қажетті әдістемелік құралдар мен материалдық-техникалық жабдықтармен қамсыздандырылады.</p> <p><i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-ө-м бұйрығы</i></p>
<p>8.</p>	<p>Қытай Халық Республикасынан қоныс аударушы қандастардың құжаттарын апостильдеу тәртібі</p>	<p>Қазақстанда тұрақты тұруға және азаматтықты алуға ҚХР-дан шықпас бұрын, құжаттарды алдын ала апостильдеу керек.</p> <p>2023 жылғы Қытай Халық Республикасы Гаагада жасалған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талабын жоятын Конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) қосылды. Конвенция ҚХР-ға қатысты 2023 жылғы қараша айында күшіне енді.</p> <p>Конвенция күшіне енген сәттен бастап Қытайдың Қазақстанда пайдалану үшін беретін ресми құжаттары бұдан былай консулдық заңдастыру рәсімінен өтпейді, оның орнына Қытайда қосымша сертификаттар (апостиль) берілетін болады. Сертификаттар (апостиль) оған елтаңбалы күміс түсті мөр бекітілген жапсырма түрінде ресімделеді (жапсырма және мөр форматы қоса берілген).</p> <p>Қытайда сертификаттар (апостиль) беру бойынша уәкілетті орган - Сыртқы істер министрлігі болып табылады.</p> <p>Қытайдың орталық үкіметіне тікелей бағынатын тиісті провинциялардан, автономиялық аудандардан және муниципалитеттерден тыс, Сыртқы Істер Министрлігі және муниципалды халық үкіметінің кейбір сыртқы істер кеңселері өздерінің әкімшілік аудандарында берілген ресми құжаттарға сертификаттар (апостиль) бере алады.</p> <p>Сонымен қатар, Қытай үкіметі сертификаттарды тексерудің қосымша тетігін жасады. ҚХР СІМ және жергілікті Сыртқы істер кеңселері берген қосымша</p>

		сертификаттар (апостиль) арнайы сайт арқылы тексерілуі мүмкін: https://consular.mfa.gov.cn/VERIFY/ . <i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/documents/details/545229?lang=kk</i>
9.	Моңғолиядан қоныс аударушы қандастардың құжаттарын апостильдеу тәртібі	<p>Қазақстанда тұрақты тұруға және азаматтықты алуға Моңғолиядан шықпас бұрын, құжаттарды алдын ала апостильдеу керек.</p> <p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шетел мемлекеттерінен келген азаматтардың құжаттарын міндетті түрде заңдастырылған (легализацияланған) кезде ғана қабылдайды.</p> <p>Моңғолия елінің азаматтары Гаага конвенциясына сәйкес, құжаттарына апостиль қойдырып алып келген жағдайда, қайтадан заңдастыру (легализациялау) талап етілмейді.</p> <p>Қазақстанға қоныс аударар алдында барлық құжаттарға (туу туралы куәлігі, неке куәлігі, соттылығы жоқ деген анықтама) міндетті түрде апостиль қойдырып алу қажет. Болмаған жағдайда, Қазақстанға келгенде құжаттарыңызды Моңғолия Елшілігіне барып растап, одан кейін ҚР Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызметінде заңдастыру қажет.</p>
10.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу	<p>Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.</p> <p>Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен 2024 жылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 3033 адамға белгіленді.</p> <p>2024 жылы квота өңірлерге келесідей бөлінді: Павлодар облысы – 1252, Қостанай облысы – 550, Ақмола облысы – 535, Шығыс Қазақстан облысы – 269, Солтүстік Қазақстан облысы – 207 адам, Абай облысы – 220 адам.</p>

		<p>Қандастардың тіркелген мекен-жайы: ШҚО, Павлодар, Ақмола, Абай, СҚО, Қостанай облыстарының бірінде болса, өңірлік квотаға ене алады.</p> <p><i>Дереккөз: «Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2024 жылға арналған өңірлік квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 530 бұйрығы</i></p>
<p>11.</p>	<p>Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына ену үшін қандай құжаттар тапсырылады?</p>	<p>Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген, қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар <u>Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына</u>, «Migration.enbek.kz» порталы немесе тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ арқылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш береді.</p> <p><i>Өтінішке қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен мынадай құжаттар қоса беріледі:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жеке басты куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) және оның отбасы мүшелері (бар болған жағдайда) 2) Неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (болған жағдайда) 3) Білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама. <p>Жергілікті атқарушы орган, өңірлік квотаға енгізу туралы өтініш білдіруші қандастардың тізімін қалыптастырады және өтініштерді алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға жолдайды.</p> <p>Комиссия өтініш білдірушілердің тізімдерін алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Жергілікті атқарушы орган күнтізбелік 5 күн ішінде өтініш берушіге қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды.</p> <p><i>Дереккөз: Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығы.</i></p>

<p>12.</p>	<p>Өңірлік квотаға енгізілген қандастардың мемлекет тарапынан берілетін төлемақыларды алу тәртібі</p>	<p>Өңірлік квотаға енгізілген қандастардың көшу шығыстарын өтеу мақсатында бір рет отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде қаржылай көмек беріледі.</p> <p>Сонымен қатар, тұрғын үйді жалдау (<i>жалға алу</i>) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу ай сайын, он екі айдан көп емес тұрғын үй алғанға дейін мынадай мөлшерлерде өтеледі:</p> <p>1) қалалық жерлерге қоныс аударғандар үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір адам үшін 20 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК мөлшерінде төленеді; <p>2) ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір адам үшін 15 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК мөлшерінде; - отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК мөлшерінде төленеді. <p>Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы Комиссияның шешімі шыққаннан кейін, олар Жұмыспен қамту орталығына төлемдерді алу үшін белгіленген нысандағы өтінішті толтырып, жүгінуі қажет.</p> <p><i>2024 жылға бір АЕК - 3692 теңгені құрайды. Осылайша, 4 адамнан тұратын орташа отбасы бір уақытта 280 АЕК алуға құқылы, бұл 1 033 760 теңгені құрайды.</i></p> <p><i>Дереккөз: Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 515 бұйрығы</i></p>
<p>13.</p>	<p>Қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту</p>	<p>Жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:</p> <p>1) Ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау.</p>

		<p>2) Этникалық қазақтың өтінішінде көрсетілген аумақтық-әкімшілік бірлікте қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы.</p> <p><i>Дереккөз: Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ</i></p>
<p>14.</p>	<p>Тұрғын үй алу үшін экономикалық ұтқырлық сертификатын рәсімдеу</p>	<p>Экономикалық ұтқырлық сертификаты - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу, тұрғын үйді сатып алу және салу үшін ақшалай төлем ретіндегі материалдық көмек.</p> <p>Экономикалық мобильділік сертификаты отбасына, тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, бірақ 1 160 АЕК-тен аспайтын мөлшерде беріледі.</p> <p>Экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлем алу үшін қандастар мансап орталығына мыналарды қоса бере отырып, өтініш береді:</p> <p>1) тұрғын үй сатып алу кезінде – сатып алынатын жылжымайтын мүліктің құнын бағалай отырып, тұрғын үй сатып алудың алдын ала жасалған шарты немесе сатып – алу шарты жылжымайтын мүліктің құнын бағалай отырып тұрғын үйді сатып алудың алдын ала шарты немесе шарты.</p> <p>Экономикалық мобильділік сертификаты бойынша төлемді алғаннан кейін тұрғын үйді сатып алудың алдын ала жасалған шарты ұсынылған жағдайда күнтізбелік қырық бес күн ішінде тұрғын үйді сатып алу - сату шартының түпнұсқасы ұсынылады;</p> <p>2) тұрғын үйді сатып алуда тұрғын үй ипотекалық қарызы бойынша алғашқы жарна кезінде екінші деңгейдегі банктердің тұрғын үй қарызын беруді мақұлдауды растайтын құжат;</p> <p>3) тұрғын үй құрылысын салу кезінде – қандастардың меншігінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесінің не/немесе жеке қосалқы шаруашылық бар екенін растайтын құжат.</p> <p>Аталған құжаттардың түпнұсқасы және көшірмесі ұсынылады. Оларды салыстырып тексергеннен кейін түпнұсақалар өтініш иесіне қайтарылады.</p>

		<p>Еңбек мобильділігі орталығы атынан мансап орталықтары өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны қарайды, экономикалық мобильділік сертификаты бойынша ақшалай төлемді беру туралы шешім шығарады және ақшалай қаражат төлемін жүргізу үшін Еңбек мобильділігі орталығына жібереді, себептерін дәлелді негіздей отырып, одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабарландырады.</p> <p>Экономикалық мобильділік сертификатын беруден бас тарту үшін негіздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өтініш берушінің осы тармақтың бірінші бөлімінде көзделген құжаттарды ұсынбауы; 2) ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау. <p>Экономикалық мобильділік сертификаты есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікпен мәміле жасау үшін қандас немесе қоныс аударушы меншік құқығымен еңбек мобильділігі орталығының келісімін алуы қажет.</p> <p><i>Дереккөз: Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32880 болып тіркелді.</i></p>
15.	Қандастардың шетелден өзімен бірге әкелген жеке автокөліктерін мемлекеттік тіркеуден өткізуі	<p>Қоныс аударушылар Қазақстанға жеке автокөліктерімен көшіп келген жағдайда оны арнайы тіркеуден өткізуі тиіс. 2016 жылдан бастап қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес шетелден әкелінген автокөліктер шығарылған жылына, қозғалтқыш көлеміне байланысты алғашқы тіркеуден өту құнын және утилизациялық алымы үшін ақша төлеуі керек.</p> <p>Қандас мәртебесін алған және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық шартына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады.</p> <p>Автокөлік Қазақстан мен Еуразия экономикалық одағының автокөліктерге қатысты техникалық талабына сәйкес болуы керек, яғни «Еуро-5» стандартына</p>

		<p>сәйкестік сертификаты болуы қажет. Егер көлік талапқа сай келмесе, автокөлік иесіне оны ел аумағынан шығаруға немесе бөлшектеп сатуға тура келеді.</p> <p>Дереккөз: <i>Кәдеге жарату төлемін есептеу әдістемесін бекіту туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 қарашадағы №448 бұйрығы.</i></p>
<p>16.</p>	<p>Уақытша келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу</p>	<p>Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру туралы өтініш-сауалнамамен тіркеу орны бойынша аумақтық полиция органдарына не Мемлекеттік корпорация арқылы не портал арқылы жүгінеді.</p> <p>Өтініш-сауалнамамен қоса мына құжаттарды қоса тапсыруы қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. визасыз болу туралы келісімдер ратификацияланған шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады); 2. медициналық сақтандырудың көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін ұсынылады) (Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің азаматтарын қоспағанда (бұдан әрі-ЕАЭО). <p>Мемлекеттік қызметтің кіші түріне байланысты мыналарды қосымша ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға отбасының қайта қосылуына байланысты Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру: <ul style="list-style-type: none"> - егер көрсетілетін қызметті алушы көшіп келушіге оның уақытша тұруы үшін берілетін тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмаса, көшіп келушінің тұруына нотариалды куәландырылған келісім; - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адаммен отбасылық қатынастарды растайтын құжат. 2) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру: <ul style="list-style-type: none"> - егер көрсетілетін қызметті алушы көшіп келушіге оның уақытша тұруы үшін берілетін тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмаса, көшіп келушінің тұруына нотариалды куәландырылған келісім; - жергілікті атқарушы орган берген шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат;

		<p>- жергілікті атқарушы орган берген шетелдіктің біліктілік сәйкестігі туралы анықтама немесе рұқсат; еңбекші көшіп келушіге жеке тұлғаларда еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы орган берген рұқсат;</p> <p>- ЕАЭО азаматтары үшін - уәкілетті органда (<i>Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі</i>) – «ЕШЕБЖ» еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде тіркелген еңбек шарты немесе жұмыстарды орындау (<i>қызметтер көрсету</i>) жөніндегі азаматтық-құқықтық шарт;</p> <p>- Қазақстан Республикасының халықтың көші - қоны саласындағы заңнамасына және/немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес осы тармақшаның бірінші, екінші, үшінші, төртінші абзацтарында көрсетілген рұқсаттарды алу талап етілмейтін көшіп келушілерге, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне уақытша тұруға рұқсат жыл сайын ұзарту мүмкіндігімен бір жылға ресімделеді, бірақ еңбек шартының немесе жұмыстарды орындау (<i>қызметтер көрсету</i>) жөніндегі азаматтық-құқықтық шарттың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс.</p> <p>3) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қазақстандық оқу орындарында білім алу үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру:</p> <p>- егер көрсетілетін қызметті алушы көшіп келушіге оның уақытша тұруы үшін берілетін тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмаса, көшіп келушінің тұруына нотариалды куәландырылған келісім;</p> <p>- Қазақстан Республикасындағы оқу орнының қолдау хаты негізінде.</p> <p>4) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қазақстандық медициналық мекемелерде стационарлық емделуден өту үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру:</p> <p>- Қазақстан Республикасында орналасқан медициналық ұйым берген, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарында емдеу немесе Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарында емделіп жатқан шетелдік пациентке, сондай-ақ жақын туыстарына; - Қазақстан Республикасының азаматтарына не Қазақстан</p>
--	--	--

		<p>Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге тұрақты күтім жасау қажеттігін растайтын құжаттар.</p> <p>5) Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға (бизнес-көшіп келушілерге) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - егер көрсетілетін қызметті алушы көшіп келушіге оның уақытша тұруы үшін берілетін тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмаса, көшіп келушінің тұруына нотариалды куәландырылған келісім; - «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңның (бұдан әрі - Заң) <u>40-бабына</u> сәйкес Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы орган берген құжат. <p>Шет тілінде жасалған құжаттар мемлекеттік не орыс тіліне аударылуға жатады.</p> <p>«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының <u>80-бабына</u> сәйкес нотариус бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын куәландырады.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттер билігінің қатысуымен жасалған немесе осы биліктен шығатын құжаттар мен актілер "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығының 60-тармағына сәйкес заңдастырылған жағдайда қарауға қабылданады."</p> <p><i>Дереккөз: Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығы.</i></p>
17.	Қазақстан Республикасына келушілердің елімізде болуының рұқсат етілген мерзімі	Егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен жасаған келісінде өзгеше тәртіп белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе, Қазақстан Республикасына виза алуды талап етпейтін тәртіппен келген көшіп келушілер үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн, күнтізбелік 180 күннің

		<p>ішінде барлығы күнтізбелік 90 күн толған соң келген еліне қайтуы керек. Ал, қайтадан Қазақстанға келуі үшін өз елінде 90 күн өткізуі керек.</p> <p><i>Дереккөз: Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысы.</i></p>
18.	Тұрақты тұруға рұқсат алу	<p>ҚР Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 599 бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен рәсімдеу үшін облыстық, қалалық немесе аудандық көші-қон қызметі бөлімшелеріне барып құжаттарын бірмезетте тапсыра алады. Тиісінше, тұрақты тұруға рұқсат алу мен азаматтық рәсімдеу бойынша шешім үш ай мерзімінде шығатын болады.</p> <p>Егерде, қандастарымыз өңірлік квота аламын деген жағдайда, ҚР азаматтығына құжаттарын бірден тапсырмай, бұрынғы заңнамалық тәртіп бойынша алдымен шетел азаматының тұру ықтиярхатын рәсімдеуіне болады. Ыхтиярхатпен жүрген қандастарға ҚР азаматтары болып табылмағандықтан, қандастардың өңірлік квотаны иемдену құқығын шектемейді.</p> <p>ЖСН алғаннан кейін, Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін тұрғылықты мекен-жайы бойынша ҚР ІІМ көші-қон қызметі бөлімшелеріне немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ арқылы тиісті құжаттарды жинап тапсырады.</p> <p>Қызмет көрсету мерзімі - қажетті құжаттар пакетін тапсырған сәттен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күн.</p> <p>Қажетті құжаттар тізімі:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш-сауалнама;</p>

2) көрсетілетін қызметті алушының шетелдік паспортының көшірмесі және түпнұсқасы (*салыстыра тексеру үшін*), азаматтығы жоқ адамның құжаты, жарамдылық мерзімі өтініш берген күнге күнтізбелік 180 күннен астам болуы тиіс.

3) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (*соттылығының болмауы*) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (*Қазақстан Республикасында босқын мәртебесі бар адамдарды және Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер өзге халықаралық шарттарда көзделмесе*);

4) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға 14-тен 18 жасқа дейінгі баланың нотариалды куәландырылған келісімі;

5) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне кемінде күнтізбелік 180 күн қою туралы жеке және заңды тұлғамен (*Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өзінің төлем қабілеттігін растайтын көрсетілетін қызметті алушылар үшін*) нотариалды куәландырылған шарт не нотариалды куәландырылған өтініш;

6) «Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына сәйкес (*Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 тіркелген*) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы (*028/у медицина анықтамасы*);

7) мөлшері 35x45 мм бір фотосурет;

8) «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 36 қаулысына сәйкес шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның дактилоскопиялық тіркеу рәсімінен өткенін растайтын анықтама.

9) мемлекеттік бажды төлеу туралы құжат.

3), 4), 6) тармақшаларда көрсетілген құжаттардың жарамдылық мерзімі күнтізбелік 180 күннен аспауы тиіс.

		<p>Ата-анасының бірімен келген жасы он сегізге толмаған көрсетілетін қызметті алушы, егер оның заңды өкілі (<i>ата-анасы, қамқоршысы, жанашыры</i>) Қазақстан Республикасының азаматы немесе шетел азаматы, азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын болып табылған жағдайда 1), 2), 5), 7), 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ он алты жасқа толмаған баланың жеке басын куәландыратын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (<i>салыстыра тексеру үшін</i>);</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын екінші ата-анасынан нотариалдық расталған өтініш-келісім ұсынады.</p> <p>Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс. Бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығын «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес нотариус куәландырады.</p> <p><i>Дереккөз: « Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қаңтарда № 12880 болып тіркелді.</i></p>
19.	Тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту	<p>1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы.</p> <p>2. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49 - бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылады, не болмаса бұрын берілген рұқсаттың күші мынадай көрсетілетін қызметті қабылдаушыларға жойылады:</p>

		<ol style="list-style-type: none">1) заңсыз келгендерге, сондай-ақ жасалған қылмысы үшін, тумасы болып табылатын елдің заңнамасымен қудаланатын азаматтарға;2) сотталғанға дейін тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған;3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған;4) егер бұрын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;5) Қазақстан Республикасында шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнаманы бірнеше рет бұзған;6) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыртқан;7) іс-әрекеттері конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталғандар;8) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырғандар;9) қылмысы үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы барлар;10) ұлттық қауіпсіздік органдарында олардың экстремизмге немесе террористік іс-әрекетке қатыстылығы туралы мәліметтер болған кезде;11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы қолдаухатпен өтініш жасаған кезде жалған құжаттарды ұсынған не өзі туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде дәлелді себепсіз ұсынбаған;12) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты берген сәтке бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарып жіберілген;13) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;
--	--	--

		<p>14) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға рұқсат алған және тұрақты тұруға рұқсат берілген күннен бастап ретімен келетін кез келген он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен аз тұрып жатқандар;</p> <p>15) Қазақстан Республикасының азаматтарымен некелескен, осы некесі тұруға ықтиярхат алу үшін негіз болған, егер бұл неке заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылса;</p> <p>16) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны, салық салу және еңбек заңнамасы саласындағы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;</p> <p>17) ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қатер төндіретін;</p> <p>18) Қазақстан Республикасына келуге қарсы айғақ болып табылатын аурулары бар;</p> <p>19) егер бұрын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса.</p> <p>Этникалық қазақтар және олардың отбасыларына, жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауына байланысты азаматтығы жоқ тұлғаларға немесе КСРО 1974 жылғы үлгідегі паспорты негізінде, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы» заңының аясына түсетін әйелдерге қатысты 14) және 16) тармақшалары қолданылмайды.</p> <p><i>Дереккөз: «Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қаңтарда № 12880 болып тіркелді.</i></p>
20.	Тұрақты тұру ықтиярхатын рәсімдеу	Ықтиярхат - Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктің жеке басын куәландыратын және оның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғанын растайтын құжат.

		<p>Шетелдіктің ҚР тұруына ықтиярхатты ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларының сәйкес тұру ықтиярхаты 10 жыл мерзімге, шетелдіктің азаматтығы бар елдің паспортының қолданылу мерзіміне сәйкес беріледі.</p> <p>Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алғаннан кейін тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясынан» аумақтық полиция органдарына жүгініп, келесі құжаттарды ұсыну қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жарамды шетелдік паспорт; - Құжат үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек (<i>Салық кодексінің 622-бабына сәйкес мемлекеттік баж төлеуден босатылған тұлғалар растайтын құжаттарды ұсынады</i>); <p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыны суретке түсіру ақысыз жүргізіледі. Көрсетілетін қызметті алушының фотобейнесі электрондық формулярға суретке түсіру жолымен, көрсетілетін қызметті алушының қолы – қол қою сканері арқылы енгізіледі.</p> <p>Құжатты жалпы тәртіппен алу үшін - 17 (он жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей. Жеделдетілген тәртіппен алу үшін – 7 (жеті) жұмыс күніне дейін.</p> <p><i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i></p>
21.	Ықтиярхат мерзімінің өтіп кетуі.	<p>Ықтиярхатпен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде 183 күннен артық тұрған азамат қылмыстық емес, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауапқа тартылады. Оның өзінде, азамат бірінші мәрте құқық бұзса, ҚР халықтың көші-қон туралы заңының 49-бабының 5 тармағына (<i>ҚР-ның шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет бұзған</i>) сай, оған Көші-қон қызметі тарапынан ескерту беріліп, айыппұл төлетіп жазалауы мүмкін.</p> <p>Айыппұл төленген соң қайтадан тұрақты тіркеуге тұрып ықтиярхатты рәсімдей алады.</p>

		<i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
22.	Ықтиярхат мерзімін созыдыру.	<p>ҚР тұру құқығының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішті шетелдіктер мерзімі аяқталардан 1 ай бұрын, ал жоғалтқан жағдайда үш тәуліктен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына тапсыруы тиіс.</p> <p><i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы.</i></p>
23.	Ықтиярхатпен жұмысқа орналасуға болады ма?	Ықтиярхатпен жұмысқа орналасуға болады (<i>мемлекеттік және әскери қызметтен басқа</i>). Ол үшін қала, ауданның жұмыспен қамту орталықтарының қызметіне жүгіну қажет.
24.	«Ата жолы» картасы туралы	<p>«Ата жолы» картасы – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бизнес-көшіп келушілерге не этникалық қазақтар қатарынан талап етілген кәсіптері бар адамдарға он жылға дейінгі мерзімге, бірақ азаматтығы бар ел паспортының қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге берілетін, белгіленген нысандағы құжат</p> <p>Шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін «Ата жолы» картасын ұсынудың мақсаты-қазақтардың мәдени мұрасы мен тілінің, тарихының, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, сондай-ақ туыстық, этникалық және тілдік құндылықтарының ортақтығын қолдау.</p> <p>«Ата жолы» картасы келесі санаттардың біріне сәйкес ұсынылады:</p> <p>1) «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және қойылатын талаптарды бекіту туралы» Жарлықта (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001587) көрсетілген мамандық иелеріне;</p> <p>2) «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын</p>

		<p>бекіту туралы» бұйрыққа (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031938) сәйкес талап етілетін кәсіп иелеріне;</p> <p>3) тұрақты тұратын немесе азаматтығы бар елде тіркелген және жұмыс істеп тұрған бизнесі бар азаматтарға.</p> <p><i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 бұйрығы</i></p>
25.	«Ата жолы» картасын алуға қажетті құжаттар тізбесі	<p>«Ата жолы» картасын алу үшін «Құтты мекен» мобильді қосымшасы, «Migration.enbek.kz» порталы арқылы немесе халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға өтінішпен жүгіну қажет.</p> <p>Өтінішпен қоса төмендегі құжаттарды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінің нотариалды куәландырылған аудармасы; - ҚР азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін немесе шетелдіктердің ҚР тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесіне сәйкес келетін мамандығын дәлелдейтін диплом мен сертификаттар және азаматтығы бар елде жұмыс істеп тұрған бизнесін растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған аудармасы; - жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлты жазылмаған жағдайда, этникалық қазақтар шыққан елдің арнаулы органдарынан алынған ұлтын растайтын ресми анықтамалық құжат. <p>«Ата жолы» картасының қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтінішті картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) айдан кешіктірілмей беріледі.</p> <p><i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 30 маусымдағы № 280 бұйрығы</i></p>
26.	Ұлты қазақ екенін қалай дәлелдеуге болады?	<p>Егер жеке басын куәландыратын құжаттарында, басқа да құжаттарда ұлты жайлы тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдар ұлты қазақ екенін келесі тәртіппен дәлелдей алады.</p>

Еркін нысанда жазылған өмірбаянын және тұрақты тұратын елдің шетелдік паспортының көшірмесін қоса бере отырып, «Құтты мекен» мобильді қосымшасы, «Migration.enbek.kz» порталы, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі арқылы Өтініш береді.

Жергілікті атқарушы орган өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде өтінішті Комиссияның қарауына жібереді.

Қандас мәртебесін және Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың қазақ ұлтына тиесілігін анықтау жөніндегі комиссия мынадай алгоритм бойынша жүзеге асырады:

1) үміткердің қазақ ұлтына жататынын растайтын жеке басын куәландыратын құжаттардан басқа өзге де құжаттарды қарау;

2) адамға өзін этникалық қазақ ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілін, салт-дәстүрлерін, мәдениетін, туыстығын және басқа да факторларды білуге бағытталған бетпе-бет не онлайн форматта әңгімелесу өткізу;

3) алынған ақпаратты талдау және бағалау;

4) Қазақ ұлтына жататындығын айқындау не айқындаудан бас тарту туралы ұсыным.

Қазақ ұлтына жататынын айқындау мақсатында өтініш беруші қосымша туу туралы куәлікті, ата-анасының туу туралы куәлігін, ата-бабаларының Қазақстан аумағында тұруы туралы архивтік анықтамаларды, неке туралы куәлікті және үміткердің қазақ ұлтына жататынын растайтын басқа да құжаттар ұсына алады.

Ата-аналарының ұлты әртүрлі кезінде, өтініш беруші «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 65-бабының [2-тармағына](#) сәйкес өзінің қай ұлтқа жататынын айқындайды және көрсетеді.

Қазақ ұлтына жататынын айқындау не айқындаудан бас тарту туралы ұсынымды Комиссия үш жұмыс күні ішінде ашық дауыс беру жолымен қабылдайды және қатысушылардың кемінде үштен екісінің оң дауыс берген кезде қабылданды деп есептеледі.

		<p>Егер жаңа мән-жайлар анықталған және растайтын жаңа құжаттар анықталған кезінде, қазақ ұлтын белгілеуге үміткер қайта өтініш беруіне болады.</p> <p><i>Дереккөз: Жеке басын куәландыратын құжаттарда, сондай-ақ үміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 31 шілдедегі № 282 бұйрығы.</i></p>
27.	Мамандығы бойынша жұмыс табылмаған жағдайда не істеу керек?	Тұрақты тіркеуге тұрғаннан кейін қала, аудандағы Жұмыспен қамту орталықтарына басқа мамандықтар бойынша қайта оқытудан тегін өтуге жазылып, жаңа мамандықты игеру мүмкіндігі бар.
28.	Заңды негіздерде тұрақты тұратын қандастар және жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тәртібі	<p>Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын қандастар және жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар жеңілдетілген тәртіп бойынша ҚР азаматтығын алу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД бастықтарының атына өтінішхатпен (<i>өтінішпен</i>) жүгінеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхатқа (<i>өтінішке</i>) мынадай құжаттар тігіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш; 2) сауалнама-өтініш; 3) өлшемі 3,5x4,5 см төрт фотосурет; 4) шарттарды сақтау туралы міндеттемесі; 5) жеке басты куәландыратын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі; 6) өмірбаян; 7) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын қандастардың «Қандас» куәлігі; 8) жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар – жоғары оқу орнынан осы оқу орнында оқу фактісін растайтын анықтама;

		<p>9) жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар үшін ұлтын растау туралы анықтама;</p> <p>10) мемлекеттік баж салығын төлегені;</p> <p>Өтініш берушілер жеңілдетілген тәртіппен (<i>тіркеу тәртібімен</i>) жүгінген кезде ұсынылатын өтінішхатқа (<i>өтінішке</i>) құжаттардың көшірмелері (<i>паспорт, туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлік, бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініш</i>) нотариалды куәландырылады.</p> <p>Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс.</p> <p>«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының <u>80-бабына</u> сәйкес егер тиісті тілдерді білетін болса, нотариус бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады. Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.</p> <p>Құжаттар тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясы бөлімшелеріне тапсырылады.</p> <p>Жеңілдетілген тәртіп бойынша ҚР азаматтығын қабылдау (<i>бас тарту</i>) туралы шешім 3 ай мерзімінде шығады.</p> <p><i>Дереккөз – Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығы.</i></p>
<p>29.</p>	<p>Бірмезетте тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен қабылдау</p>	<p>Тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен (<i>тіркеу тәртібімен</i>) алу үшін ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (<i>өтінішпен</i>) жүгінеді.</p> <p>Өтінішхатқа (<i>өтінішке</i>) мынадай құжаттар тігіледі:</p>

		<p>1) сауалнама-өтініш;</p> <p>2) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;</p> <p>3) шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;</p> <p>4) ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы <i>(салыстыра тексеру үшін)</i>;</p> <p>5) бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың туу туралы куәлігі немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы <i>(салыстыра тексеру үшін)</i>;</p> <p>6) жеке өмірбаяны қазақ не орыс тілінде;</p> <p>7) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы <i>(соттылығының болмауы)</i> туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат <i>(Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе)</i>;</p> <p>8) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке немесе заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған өтініші;</p> <p>9) «Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 <u>бұйрығына</u> сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы, <i>(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген)</i>;</p> <p>10) 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған балалар ата-анасының өтінішіне өзінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін қоса ұсынады;</p> <p>11) өлшемі 3,5 x 4,5 см төрт фотосурет;</p> <p>12) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжат.</p> <p>Өтініш берушілер жеңілдетілген тәртіппен <i>(тіркеу тәртібімен)</i> жүгінген кезде ұсынылатын өтінішхатқа <i>(өтінішке)</i> құжаттардың көшірмелері <i>(паспорт, туу туралы</i></p>
--	--	---

		<p>куәлік, неке қию туралы куәлік, бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініш) нотариалды куәландырылады.</p> <p>Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс.</p> <p>"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының <u>80-бабына</u> сәйкес егер тиісті тілдерді білетін болса, нотариус бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады. Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.</p> <p>Құжаттар тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясы бөлімшелеріне тапсырылады.</p> <p>Жеңілдетілген тәртіп бойынша ҚР азаматтығын қабылдау (бас тарту) туралы шешім 3 ай мерзімінде шығады.</p> <p><i>Дереккөз – Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығы.</i></p>
30.	Паспортты және жеке куәлікті алу.	<p>ҚР азаматтығын алғаннан кейін паспорт пен жеке куәлікті алуға тапсырыс беріледі. Онлайн қызмет ҚР барлық аймақтары үшін қолжетімді. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы өтінімді толтыру, фотосурет беру, мемлекеттік баж салығын төлеп алады.</p> <p>Паспорт көлемі 36 бет - 8 АЕК көлемі 24 бет - 4 АЕК</p> <p>16 жасқа дейінгі балаларға 24 беттен тұратын Қазақстан Республикасының паспорты беріледі, оның ішінде 12 жасқа дейінгі балаларға - 5 жыл мерзімге, 12 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға - 10 жыл мерзімге көлемі 48 бет - 12 АЕК</p>

		<p>Бұл ретте балаларға 36 және 48 беттік төлқұжаттарды беру алынып тасталды, бұл паспорттар 16 жастан бастап беріледі</p> <p>Жеке куәліктің жыл ішінде екі реттен артық жоғалуына байланысты бергені үшін – 1 АЕК</p> <p>Жеке куәлік - 0,2 АЕК</p> <p>Жеке куәлікке уақтылы жүгінбеген жағдайда айыппұл - 7 АЕК</p> <p><u>Құжаттарды жеделдетілген тәртіппен алу үшін (ҚҚС-сыз бағасы):</u></p> <p>Астана, Алматы, Шымкент қалалары және облыс орталықтары үшін:</p> <p>1-санатты жеделдік - 3372 теңге</p> <p>2-санатты жеделдік - 1771 теңге</p> <p>Облыстардың аудандары мен қалалары үшін:</p> <p>3-санат - 678 теңге</p> <p><i>Дереккөз: Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін және жол жүру құжатын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы</i></p> <p><i>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 532 бұйрығы.</i></p>												
<p>31.</p>	<p>Шетелдік азаматтарға Қазақстанға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы медициналық анықтамасы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №664 бұйрығымен бекітілген Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын ауруларға тексерілу үшін өңірлер бойынша жүгінетін мекемелердің мекен-жайы:</p> <table border="1" data-bbox="860 1099 2069 1374"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Аурулар тізбесі</th> <th>Тексерілу мекен-жайы</th> <th>Қатынайтын қоғамдық көліктер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td colspan="4" style="text-align: center;">Астана қаласы</td> </tr> <tr> <td>1</td> <td>Нашақорлық</td> <td>Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7</td> <td>№12,40,51 автобустар</td> </tr> </tbody> </table>	№	Аурулар тізбесі	Тексерілу мекен-жайы	Қатынайтын қоғамдық көліктер	Астана қаласы				1	Нашақорлық	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар
№	Аурулар тізбесі	Тексерілу мекен-жайы	Қатынайтын қоғамдық көліктер											
Астана қаласы														
1	Нашақорлық	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар											

		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Астана қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар
		3	Туберкулез	Астана қаласы, Шевченко көш. 1, №4 қалалық Емхана	№12,54,21, 46,50,32,53 автобустар
		4	Лепра (Гансен ауруы)	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Астана қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар
		6	ЖИТС (СПИД)	Астана қаласы, Есенберлин көш. 5/1	№12,10,21, 37 автобустар
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Астана қаласы, Манас көш. 22/3	№51,15,28, 60,61 автобустар
Алматы қаласы					
		1	Нашарқорлық	Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 10 үй.	№22,№40,№112, №126 автобустар
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Алматы қаласы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 үй.	№18 және №135 автобустар
		3	Туберкулез	Алматы қаласы, Бекхожин көшесі, 5 үй.	№48,№65,№66,№99,№120№121 автобустар және метрополитен
		4	Лепра (Гансен ауру)	Алматы қаласы, Манас көшесі 65.	№ 18, 80, 123 автобустар
		5	Жыныс жолдары арқылы берілетін жұқпалы инфекциялық аурулар (ЖЖБИ) мерез, мерез	Алматы қаласы, Манас көшесі, 65 үй.	№123,№121,№95, №65,№66,№22 автобустар.

			лимфогранулемасы, донованоз, шакроид		
		6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Басенов көшесі, 2 үй, 4 пәтер	№123,№56,№98,№18,№30,№113 автобустар
		7	Жіті жұқпалы вирусты инфекциялық аурулар (ЖРВИ) ((тыныс ағзаларының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)).	Алматы қаласы, Байзакова көшесі, 295 үй.	№123,№34,№18, №112 автобустар және метрополитен
Алматы облысы					
		1	Нашақорлық	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 97	№ 22,40,112 автобустар
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Талдықорған қаласы, Ескелді би көшесі, 224. Тел 8728256258	№ 18, 113 автобустар
		3	Туберкулез	Талғар ауданы, Шымбұлақ селосы, Сатбаев көшесі, 100 87277442255	№ 1, 29, 47 автобустар
		4	Лепра (Гансен ауруы)	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113
		6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Орманов көшесі, 17а (Облыстық центр)	№ 60, 201, 118, 16, 25, 22
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 243. (Облыстық центр)	№ 44, 66, 98, 112, 123 автобустар

			инфекциясынан) және грипптан басқа).		
Ақмола облысы					
1	Нашақорлық	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар		
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар		
3	Туберкулез	Көкшетау қаласы, Айыртау тас жолы	№17 автобус		
4	Лепра (Гансенауруы)	Көкшетау қаласы, Сабатаев көшесі, 1 (Тері- венерологиялық диспансері)	№1, 8, 21, 7 автобустар		
5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар		
6	ЖИТС (СПИД)	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар		
7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Аурухана қалашығы	Қала аралық автобустар қатынайды		
Шығыс Қазақстан облысы					
1	Нашақорлық	Мызы көшесі 1/1	42,46,42,246, 42 автобустар, 1,3 трамвай;		

		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қаныш Сатпаев көшесі 1	60,46,260,17,33 автобустар;
		3	Туберкулез	Буров көшесі 61 Әуезов көшесі 18	46,42,3,55,262, 260,33,19,6 автобустар;
		4	Лепра (Гансен ауруы)	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Өтепов көшесі 39	46,60,17 автобустар
		6	ЖИТС (СПИД)	Бурова көшесі 39	46,42,3,246;
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;
Қарағанды облысы					
		1	Нашақорлық	Қарағанды қаласы , Муқанова 35,	8(7212)34-70-42
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қарағанды қаласы , Гастелло 23	8(7212)51-26-59
		3	Туберкулез	Қарағанды қаласы, Сәкен Сейфуллин 19	8(7212)41-69-34
		4	Лепра(Гансен ауруы)	Қарағанды қаласы, Шахтеров 81	8(7212)50-79-09
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)- мерез,лимфонгранулемасы(донованоз)шанкроид	Қарағанды қаласы , Архитектурная 32	8(7212)50-71-23

		6	ЖИТС (СПИД)	Қарағанды қаласы , Анжерская 37	8(7212)44-15-50
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)	Қарағанды қаласы , Охотская 2а, к1	8(7212)50-71-23
Павлодар облысы					
		1	Нашақорлық	Павлодар қаласы, Ростовская көш. 50 үй	№ 2 және 40 автобустар № 3, 003, 115, 151, 7 және 111 маршруттар
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Павлодар қаласы, Усолка көш. 42	№ 1, 003 және 153 маршруттар
		3	Туберкулез <i>/Флюромен бару керек/</i>	Павлодар қаласы, Қамзин көш.275,	№ 9 және 27 автобустар № 152 маршрут
		4	Лепра (Гансенауруы)	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 үй және Салтыкова-Щедрина 63к А	№ 1, 40, 42 автобус № 3, 7, 16, 003, 126, 111 және 151 маршруттар
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 және Салтыкова-Щедрина 63к А	
		6	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66	

			органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).		
		7	ЖИТС (СПИД)	Павлодар қаласы, Ак.Бектұров көш. 50	№126 автобустар
		8	Қорытынды	Павлодар қаласы, Қамзин көш. 5 үй №5 емхана	№9, автобустар
Солтүстік Қазақстан облысы					
		1.	Нашақорлық	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
		2.	Психикалық бұзылу (ауру)	Петропавл қаласы Рижская көш. 6 үй	2
		3.	Тубеккулез (флюорографиямен бару керек)	Петропавл қаласы 4-ші Линия көш. 2 үй	9
		4.	Лепра (Гансенаауруы)	Петропавл қаласы Интернациональная көш. 90 үй	9,2,24
		5.	Жыныс жолдармен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)- мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид		
		6	Жітті инфекциялық аурулар (жітті респираторлық вирустық инфекциясы тыныс органдарының жітті вирустық инфекциясынан және грипптан басқа)	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2
		7	ЖИТС (СПИД)	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
		8	Қорытынды 1дана сүрет 3*4	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2

Маңғыстау облысы			
1	Нашақорлық	Ақтау қаласы, Больничный городок №1, 14 үй	№3 автобус
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
3	Туберкулез	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
4	Лепра (Гансен ауруы)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
6	ЖИТС (СПИД)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 170 үй	№2,3 автобустар
7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
Жамбыл облысы			
1	Нашақорлық	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус
3	Туберкулез	Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а	№6, 11, 12 автобус

		4	Лепра (Гансен ауруы)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар
		6	ЖИТС (СПИД)	Тараз қаласы, Төле би №64	№7, 23, 29, 30 автобустар
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобус
32.	Құжаттарының жарамды уақыты өтіп кетуі	<p>Ұлттық паспортының көшірмесі және түпнұсқасы, азаматтығы жоқ адамның құжаттарының жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен аспауы тиіс. Егер де 180 күннен асып кетсе, келген елінің елшілігіне барып, созыруға өтініш беру керек.</p> <p><i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i></p>			
33.	Құжаттарын жоғалтуы	<p>Қандас егерде құжаттарын жоғалтса, тұрғылықты жері бойынша ПМ-нің полиция бөлімшесіне жүгінеді. Сондай ақ, шетелдік құжаттарын қайта рәсімдеу үшін, Қазақстан Республикасында орналасқан көшіп келген елінің елшілігіне барып, өтініш береді.</p>			
34.	Қазақстан Республикасының азаматтығын беруден бас тарту	<p>ҚР Азаматтығы туралы заңының 17-бабы бойынша: Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдірген адам:</p>			

		<ol style="list-style-type: none">1) адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;3) ұлттық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы әрекетті жүзеге асырса;4) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;5) террористік және экстремистік ұйымдарға кірген немесе террористік әрекеті үшін сотталған болса;6) халықаралық іздеуде болса, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе не сот оның әрекетін қауіпті бауқеспелік деп таныса;7) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдірген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаса;8) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерлерде қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен солай деп танылған, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген болса;9) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде экономика саласында құқық бұзушылық жасаса;10) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде бірнеше рет Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзса;11) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдіргенге дейінгі бес жыл ішінде осы Заңның 21-бабы 1), 2) және 5) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;
--	--	---

		<p>12) осы Заңның <u>21-бабының</u> бірінші бөлігі 8) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;</p> <p>13) осы Заңның 20-1-бабының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса, оның өтініші қабылданбайды.</p> <p><i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңы.</i></p>
35.	Дайындық бөлімінде оқу	<p>Шетелде тұратын этникалық қазақ талапкерлер үшін «Дайындық бөліміне» құжат қабылдау жыл сайын тамыз – қыркүйек айлары аралығында болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқу мерзімі: қазан-мамыр аралығы. - Жыл сайын бөлінетін грант саны: 1300. <p>Толық ақпарат: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021238</p>
36.	Стипендиялық бағдарламаға қатысу	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бакалавриат, магистратура мен PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша біздің елдің ЖОО-да білім алу үшін шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының тұлғаларын шақырады.</p> <p>Үміткерлер құжаттарды онлайн режимде 2024 жылғы 30 наурыз - 31 мамыр аралығында Стипендиялық бағдарламаның операторы – ҚР БҒМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының сайты арқылы төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады.</p> <p>Грант саны:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бакалавриат – 490 2. Магистратура – 50 3. PhD докторантура – 10 <p>Толық ақпарат үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017520 2. https://enic-kazakhstan.edu.kz/stipendialnye-programmy-1/operativnaya-informaciya-1 <p>Барлық сұрақтар бойынша +7(7172) 28 75 26, +7 (7172) 287531</p>

37.	ҰБТ	<p>Ұлттық Бірыңғай Тест тапсыру</p> <p>2024 жылдан бастап "Отандастар қоры" КеАҚ қолдауымен қандастарға ҰБТ тапсыру жеңілдетілді.</p> <p>Бұған дейін қандастар ҰБТ-да 5 пән бойынша тест тапсырған болса, 2024 жылдан бастап тек 3 пәнді (оқу сауаттылығы, 2 бейінді пән) тапсырады және оларға шектік балл жинау бойынша талап қойылмайды</p> <p>Тестілеуге қатысу бағасы - 5640 теңге. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін төлемді тестілеуге қатысуға онлайн өтініш беру кезінде банк картасы арқылы немесе Kaspi.kz қосымшасы арқылы онлайн режимде жасайды (2024ж. ақпарат бойынша).</p> <p>Толық ақпарат: https://oq.gov.kz/news/1123-otandastar-qory-uyymdastyratyn-onlayn-formattaghy-qazaq-tili-sabaqtarynyh-keste</p>
38.	Қандастарға қайтарымсыз бизнес гранттар	<p>Мемлекеттік грант – жаңа бизнесті іске қосу және дамыту мақсатында өтеусіз берілген бастапқы капитал.</p> <p>Грант қаражаты ісін жаңа бастаған жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын азаматтарға өз бизнес әлеуетін іске асыруға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Грант көлемі 400 АЕК-ті (1 476 800 теңге) құрайды.</p> <p>Мемлекеттік грант алуға үміткер бола алатындар – тіркелген жұмыссыздар, жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін), бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер.</p> <p>Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы үш жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуға тиіс.</p> <p>Гранттар келесі бағыттарда қолдану үшін беріледі: құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеу.</p> <p>Толық ақпаратты Business.enbek.kz сайтынан немесе жергілікті «Мансап орталықтарынан» алуға болады.</p>